

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Күшін жойған

Қарағанды қаласының әкімінің 2025 жылғы 11 сәуірдегі № 02 шешімі. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімінің 2025 жылғы 22 қыркүйектегі № 04 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімінің 22.09.2025 № 04 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13 тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2 тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы №240 бұйрығына сәйкес ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары К.А. Камзин тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 4 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

М. Кожухов